СН РК 1.04-03-2002

Приложение 3

ЗАКЛЮЧЕНИЕ
РАБОЧЕЙ КОМИССИИ К ПРЕДЪЯВЛЕНИЮ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРИЕМОЧНОЙ КОМИССИИ ЗАКОНЧЕННОГО КАПИТАЛЬНЫМ РЕМОНТОМ ЖИЛОГО, ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДАНИЯ И ОБЪЕКТОВ КОММУНАЛЬНОГО НАЗНАЧЕНИЯ ДЛЯ ПРЕДЪЯВЛЕНИЯ ПРИЕМОЧНОЙ КОМИССИИ

с. Боролдай «10» сентября 2012г.

Рабочая комиссия, назначенная **ГККП Школа Искусств имени О. Тайманова**

(наименование организации-заказчика, назначившей рабочую комиссию)

Решением от «03» сентября 2012г. № ___

о составе:

Председателя-представителя заказчика Кадирбеков Н. – директор ГККП Школа Искусств имени О. Тайманова

(фамилия, имя, отечество, должность)

Членов комиссии – представителей:

генерального подрядчика Мамбеталиев Е.Д. - ТОО «В и К Строй Групп»

(фамилия, имя, отечество, должность)

субподрядных (монтажных) организаций

(фамилия, имя, отечество, должность)

эксплуатационных организации Кадирбеков Н. – директор ГККП Школа Искусств имени О. Тайманова

(фамилия, имя, отечество, должность)

генерального проектировщика Маханова Р.Б. – директор ТОО «ДУМ-проект»

(фамилия, имя, отечество, должность)

органов государственной санитарно-эпидемиологической службы Ыскаков А. – начальник СЭС района Байдибек ЮКО

(фамилия, имя, отечество, должность)

органов государственного пожарного надзора Досалиев Т. – начальник ЧС района Байдибек ЮКО

(фамилия, имя, отечество, должность)

других заинтересованных органов надзора организаций

Досалиев Т. – Начальник отдела архитектуры, строительства и градостроительства Байдибекского района ЮКО.

Карауылова Г. – специалист районного отдела образования.

Жанас А.Т. – директор ТОО «АРХ СТРОЙ СЕРВИС-А»

(фамилия, имя, отечество, должность)

УСТАНОВИЛА:

1. Генеральным подрядчиком **ТОО «В и К Строй Групп»**

(наименование организации и ее ведомственная подчиненность)

предъявлено к приемке в эксплуатацию построенного объекта **«Капитальный ремонт здания школы искусства им.О.Тайманова в с.Боралдай Боралдайского с/о района Байдибек»**

(наименование объекта, его местоположение или адрес)

2. Строительство осуществлялось генеральным подрядчиком, выполнившим капитальный ремонт здания, установкой тепло-механического оборудования.

(виды работ)

и его субподрядными организациями _____

_____
(наименование организации и ее ведомственная подчиненность)

выполнившими _____
(виды работ)

3.Проектная-сметная документация на строительство разработана проектными организациями _____ТОО «ДУМ-проект»_____
(наименование организации и их ведомственная подчиненность)

4. Строительство осуществлялось по проекту №39-2009

_____
(номер проекта, номер серии (по типовым проектам))

5. Проектно-сметная документация утверждена Отделом образования района Байдибек ЮКО_____
(наименование органа, утвердившего документацию на объекте в целом)

«__» _____ 2012г. №_____

6. Строительно-монтажные работы осуществленный в сроки:
начало работ июнь 2012г. окончание работ сентябрь 2012г.

7. Рабочей комиссии представлена следующая документация: Паспорт и руководство по эксплуатации котла Z-35 – 2шт, паспорт на насос – 2шт, сертификаты соответствия на метериалы_____
(перечень документов или номер приложения к акту)

8. Здание, сооружение имеет следующие показатели: Двухэтажное здание_____

_____
(мощность, производительность, производственная мощность, протяженность, вместимость и т.п.)

9. Технологические и архитектурно-строительные решения по заданию, сооружению характеризуется следующими данными: Отопительные котлы Z-35

_____
(краткие технические характеристики по планировке, этажности, основным)

_____
(материалам и конструкциям, инженерному и технологическому оборудованию)

10. Оборудование установлено согласно актам приемке после индивидуального испытания комплексного опробования рабочими комиссиями (перечень актов приведен в приложении ……. К настоящему акту) в количестве:

по проекту 2 единиц;

фактически 2 единиц;

11. Мероприятия по охране труда, обеспечение взрывобезопасности, пожаробезопасности, охране окружающей природной среды и антисейсмические мероприятия, предусмотренные проектом

_____
(сведения о выполнении)

Характеристика мероприятий приведена в приложении …. к акту.

12. Выявленные дефекты и недоделки должны быть устранены в срок, указанные в приложении …. к акту.

13. Сметная стоимость по утвержденной проектно-сметной документации:
всего 18 050,00 тыс. тенге, оборудования, инструмента и инвентаря _____ тыс.тенге.

Решение рабочей комиссии **«Капитальный ремонт здания школы искусства им.О.Тайманова в с.Боралдай Боралдайского с/о района Байдибек»**_____
(наименование здания, сооружения)

СЧИТАТЬ ПРИНЯТЫМ: от генерального подрядчика и готовым для предъявления Государственной приемочной комиссии.

Председатель рабочей комиссии:

_____ Кадирбеков Н.

(подпись)

Члены рабочей комиссии:

_____ Ыскаков А.

(подпись)

_____ Досалиев Т

(подпись)

_____ Досалиев Т

(подпись)

_____ Карауылова Г.

(подпись)

_____ Жанас А.Т.

(подпись)

_____ Маханова Р.Б.

(подпись)

_____ Мамбеталиев Е.Д.

(подпись)

Жұмыстарды мемлекттік сатып алу туралы
№1 КЕЛІСІМ ШАРТ

Шаян ауылы 21 «мамыр» 2012 ж.

Бәйдібек ауданы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының №17678-1958-МК куәлік негізінде әрекет ететін Бәйдібек ауданы «О.Тайманов атындағы өнер мектебі» МКҚК, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Бәйдібек ауданы «О.Тайманов атындағы өнер мектебі» МКҚК атынан Ереженің негізінде іс-қимыл жасайтын мектеп директоры Н.Кадирбеков, бір жағынан және 06.03.2007 жылғы куәлік №26131-1958-ЖШС Жарғы негізінде әрекет ететін **«В и К Строй Групп» ЖШС-і,** бұдан әрі аталуы Мердігер атынан бас директор **Е.Д. Мамбеталиев** екінші жағынан ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы негізінде және 2012 жылғы 17 мамырдағы №8-В хаттамаға сәйкес коммуналдық меншік нысандарының күрделі жөндеу жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу бойынша
464 «Аудандық білім бөлімі» 009 «Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету» бағдарламасы 000 «кіші бағдарламасы»
433 «Мемлекеттік кәсіпорындардың үй - жайларын, ғимараттарын күрделі жөндеу» ерекшелігі бойынша мемлекеттік сатып алу туралы келісім - шарт жасады және мына төмендегідей келісімге келді:

Келісім шарттың мәні мен бағасы

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы - «Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі тапсырыс беруші үшін **Бәйдібек ауданы Боралдай ауыл округіне қарасты Боралдай ауылындағы О.Тайманов атындағы өнер мектеп ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу нысаны** бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс жариялаған және осы жұмыстарды орындауға 18 050 000 **(Он сегіз миллион елу мың) теңге** мөлшерінде Мердігер осы жұмыстарды орындауға конкурстық өтінімін қабылдады.

Аудандық мәслихаттың 2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы 2011 жылғы 20 желтоқсандағы №51/297 бұйрығына сәйкес, 2012 жылға Келісім шарттың жалпы сомасы Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық құрылыс білім бөлімі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі **18 050 000 (Он сегіз миллион елу мың) теңгені** құрайды. Бәйдібек ауданы МКҚК «О.Тайманов атындағы өнер мектебі» аталған сомаға тапсырыс қабылдауды **«В и К Строй Групп» ЖШС**-не міндеттейді және бұл сомаға құрылыс-монтаждау жұмыстары, қосымша құн салығы, сметада қарастырылған материалдарды, жобалық іздестіру жұмыстары, мемлекеттік сараптама, жабдықтарды сатып алу шығындары жатады.

Төлемнің тәртібі мен мерзімі

2. Осы Келісім шарт бойынша Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар көлемі үшін Мердігерге 2012 жылға осы шартта көрсетілген соманы төлеуге міндетті.

Төлем тәсілі – нақтылы емес.

3. Осы Келісім шарт бойынша төлем бюджеттік бағдарламаға сәйкес жүргізіледі, бұл инжинирингтік қызмет көрсетуші «Инженердің» қол қоюымен рәсімделген орындалған жұмыс актілеріне сәйкес Тапсырыс берушінің есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты.

Ай сайынғы орындалған жұмыстардың қабылдау-өткізу актілері 2012 жылғы әр айдың 20-шы (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

4. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші авансты барабар ұстау кестесіне сәйкес кейінгі ұстаумен Мердігердің есепшотына Келісімшарттың жалпы құнынан 15 пайыз - 2 707 500 **(Екі миллион жеті жүз жеті мың бес жүз) теңге** көлеміндегі сомадан аспайтын авансты, Тапсырысшының есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты, **2012 жылдың 31 мамырына дейін төлейді**. Мердігер аванстық төлемдерді құрылыс материалдарына, жабдықтарға, құрылыс алаңшаларын дайындауға және еңбекақы төлеуге пайдаланылуы тиіс. Төленген аванс Мердігерден қабылданған жұмыстардың көлемінің әрбір сомасынан барабар мөлшерде ұстап қалып отырып өтеледі. Келісімшарт бойынша қалған **85 пайыз- 15 342 500 (Он бес миллион үш жүз қырық екі мың бес жүз) теңге** көлеміндегі төлем Мердігердің жұмыстарды орындауына және қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік қаражаттардың түсуіне байланысты
2012 жылдың 31 желтоқсанына дейін ай сайын жүргізіледі.

5. Тапсырыс беруші авансты алған күннен бастап бір ай ішінде Мердігерден авансты мақсатты пайдаланғанын растайтын құжаттарды бөлімге тапсыруын талап етуге құқылы.

6. Өтпелі нысандар бойынша Мердігерге түпкілікті төлем ақы жобалық-сметалық құжаттама негізінде, инжинирингтік қызмет көрсетуші «Инженердің» қолы қойылған орындалған жұмыс актілеріне сәйкес жүргізіледі.

7. Пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша Тапсырыс беруші Мердігерден қабылданған жұмыстар көлемінің кесімді сомасынан Келісім шарт құнының **5 пайызын** ұстап қалады, Мердігерге түпкілікті есеп айырысу өндірістік кестеде қаралған барлық жұмыс түрлері орындалып, сондай-ақ салынған нысанды пайдалануға енгізу туралы бекітілген мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісі

ұсынылғаннан кейін жүргізіледі. **Сондай-ақ, Мердігер өткізу-қабылдау актісі негізінде құрылыс нысаны бойынша барлық шығындарды (құрылыс жабдықтарының және құрылыс-монтаждау жұмыстарының шығынын) құрылыс нысанын пайдалануға қабылдайтын мекеменің қызырына тапсыруы тиіс.**

8. Тапсырыс беруші Мердігерге түпкілікті ақы төлеуді, Мердігер осы шарт бойынша міндеттемелерді және ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді.

9. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы шарт;
2) жобалық-сметалық құжаттама;
3) шарттың орындалуын қамтамасыз ету;
4) сақтандыру полистері (сақтандыру келісім-шарты) және сертификаттар;
5) жұмыстардың өндірістік кестесі;
6) авансты өтеу кестесі;
7) қаржыландыру жоспары.

Міндеттемелерді орындау мерзімдері

10. **Мердігер Келісім шартты түзген күннен 10 жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіге конкурстық құжаттамада көрсетілген шарттағыдай Келісім шарттың жалпы құнынан 3 пайыз көлемінде Келісімшарт орындалуын қамтамасыз ету кепілін тапсыруға міндетті. Мердігермен Келісімшарт орындалуының кепілі 10 жұмыс күнінен кешіктірілген немесе тапсырылмаған жағдайда, Мердігермен конкурсқа қатысуға енгізілген 1% көлеміндегі қамтамасыз ету сомасы облыстық бюджетке аударылады.**

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісінше орындауға кепілдік ретінде енгізеді.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

1) тапсырыс берушінің банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
2) банктік кепілдік.

11. Мердігер Келісімшартты түзген күннен 10 жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушінің атына Келісімшарттың 4-тармағында қаралған шарттың жалпы сомасының 15 пайызы көлеміндегі авансын жұмыстар толығымен аяқталғанға дейінгі кезеңде, Ақаулар мен Кемшіліктерді жою кезеңін қоса алғанда, шарт бойынша алынған аванс толық жұмыспен өтелгенше сақтандырумен жабуды қамтамасыз етеді. Сақтандыру объектісі болып келісімшарттың 4-тармағында көрсетілген жұмыстарды толық немесе ішінара орындамағаны үшін аванс сомаларын қайтару міндеті болып табылады. **Сақтандыру - 2 707 500 (Екі миллион жеті жүз жеті мың бес жүз) теңге (шарттың жалпы сомасынан 15 пайызы).**

Шарттың аталған тармағын орындау үшін сақтандыру компаниясы, Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында үш жақты келісімшарт түзіледі. Тапсырыс беруші сақтандыру келісімшартын түзуге дейін сақтандыру компаниясымен тапсырылған сақтандыру келісім шартының жобасын алдын-ала мақұлдауы тиіс. Мердігер Күшіне енген Сақтандыру полистері (сақтандыру келісімшарты) мен сертификаттарды Тапсырыс берушімен авансты аудару және жұмыстардың басталу күніне дейін ұсынуы тиіс.

12. Егер Мердігер талап етілген сертификаттарды және сақтандыру полистерін (сақтандыру келісімшартын) ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігердің қамтамасыз етуі тиіс сақтандыруды жүргізе алады және осы шығындарды шарттың құнынан ұстай алады..

13. Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз және сақтандыру келісімшартына қосымша келісім түзілмегенше, сақтандыру шарттарына қандай да бір өзгеріс енгізе алмайды .

14. Екі тарапта сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауға тиіс.

15. Келісім шартқа қол қойылғаннан кейін Мердігер күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге Объектінің құрылысын жүргізу бойынша конкурстық өтінімге сәйкес жұмыстардың орындалу тәртібі мен мерзімі көрсетілген өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

16. Мердігер құрылысы алты айдан асқан нысандар бойынша Тапсырыс берушіге және жоғары тұрған бюджеттік бағдарлама әкімшісі- ОҚО құрылыс басқармасына жұмыстардың өндірістік жоспарын ұсынуға міндетті.

17. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе Тапсырыс беруші ұсынған ауытқулар бойынша атқарылатын жұмыстарға қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер жұмыстарды орындау барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайларда, ол жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте Мердігер азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес, Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс.

18. Жұмыстың басталу күні Келісім шарттың күшіне енген күні болып есептеледі.

19. Мердігер осы Келісім шарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін өндіріс кестесіне сәйкес, сондай-ақ, нысанды пайдалануға енгізу туралы бекітілген мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісі ұсынылған мерзімін қоса алғанда, 2012 жылғы 20 тамызға дейін аяқтауға міндеттеме алады.

Тараптардың құқығы мен міндеттері

20. Тапсырысшы жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен белгіленген көлемде және мерзімде Мердігерге құрылыс алаңын беруге міндетті.

21. Тапсырысшы құрылыстың кез келген кезеңінде жұмыстың сапасына сынақ жүргізуге құқылы. Ақаулар анықталған жағдайда, Мердігер өз есебінен оларды түзейді.

22. Тапсырысшы кез келген анықталған ақаулар жөнінде, оны түзету мерзімін көрсетумен Мердігерді жазбаша түрде хабардар етеді.

23. Тапсырысшы Мердігердің жұмыстарынан табылған қандай да бір залал немесе қандай да бір келтірілген зақымға жауапкершілік алмайды және Мердігер қандай да бір зақымды, залалды және т.б. кемшіліктерді түзетуді қосымша өтеу ақысыз жүзеге асырады.

24. Ақаулар жөніндегі ескертпені алған Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген мерзім ішінде оларды жоюға міндетті.

25. Мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу үшін рұқсат құжаттарын алуға міндетті.

26. Мердігер қоршаған ортаға эмиссиялар үшін экологиялық рұқсат құжаттарын алуға міндетті.

27. Мердігермен қолданылатын барлық материалдар мен құрал-жабдықтарды жоғарғы тұрған бюджеттік бағдарлама әкімшісі – Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс басқармасымен және Тапсырысшы – Бәйдібек аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімімен міндетті түрде келісілуі тиіс.

28. Мердігер Келісімшартты орындау кезінде Тапсырысшының мүлкіне келтірілген залалға немесе шығындарға және жұмысшылардың денсаулығы мен меншігіне келтірілген қауіпке, сондай-ақ, жұмысшылардың өліміне жауапкершілікте болады..

29. Мердігер нысандағы жұмыстар өндірісінің техникалық қауіпсіздігіне толық жауапкершілік алады.

30. Мердігер білімін және барлық мүмкіншілігін пайдаланып, жұмысты бақылауға алып, бағыттап отыруы тиіс. Мердігер Келісімшарт бойынша қаржыларға, әдістеріне, техникасына, жұмыстардың орындалу дәйектілігі мен сапасына, сондай-ақ барлық жұмыстарды үйлестіруге және бақылау жасауға жауапты.

31. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды: жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

32. Мердігер Тапсырысшыға шарт бойынша жеткізілген материалдар мен жабдықтардың сапалы және техникалық ерекшеліктерге және жобалау-сметалық құжаттамаларға сәйкес болуына және кемшіліксіз, жұмыстар сапасының ЖСҚ талаптарына сай орындалуына кепілдік береді. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін, сонымен бірге негізсіз, заңсыз өзгерістер болса, аталған жұмыс ақау деп танылады. Тапсырысшының талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын лабораториямен куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.

33. Мердігер нысанға жеткізілуі тиіс барлық әкелінген материалдар мен жабдықтардың тасымалдауын, жеткізіп берілуін, түсірілуін (жүк) және сақталуын ұйымдастыруға жауапты. Тапсырысшы жеткізіп беру, өңдеу, сақтау және тасымалдау қаражаттарының, құралдарының тұрып қалуын төлеуге қатысты шығындарға қандай да бір жағдайда өзіне жауапкершілік алмайды, ешқандай жеткізіп беру Тапсырысшыға жолданбауы тиіс.

34. Мердігер учаске аумағын таза ұстауы қажет. Мердігер учаскедегі барлық қоқысты тазартып, жедел түрде тәртіпке келтіріп отыруы тиіс.

35. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын шарт жасаса алады, және Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Келісімшарт талаптарын өзгертпейді.

Мердігер шартта қаралған жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлік ұйымдарды тартқан жағдайда, Мердігер қосалқы мердігерлік ұйыммен тиісті келісімшартты түзгенге дейін мердігерлік ұйымды тартуға Тапсырыс берушіден рұқсат алуы тиіс. Мердігер мұндай рұқсатты алу үшін Тапсырыс берушіге қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымның лицензиясының нотариалды растаған көшірмесін қосымша тіркеп, қосалқы мердігерге беру жоспарланған жұмыстарды тізімі мен көлемдерін көрсете отырып, ресми сұрауларды жолдайды. Тапсырыс беруші қосалқы мердігерден жұмыстарды қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігердің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау мақсатында қосалқы мердігерлік ұйымның өзге де құжаттарын сұратуға құқылы.

36. Учаскеде Қосалқы мердігерлер болған жағдайда, Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп орындауы тиіс.

37. Мердігер Келісімшарт негізінде Тапсырысшының алдында өзінің жұмысшыларының, қосалқы мердігерлерінің, қосалқы мердігерлер жұмысшылары мен сенімді адамдарының, сондай-ақ Келісімшарт аясында жұмыс бөлігін атқарып жүрген басқа да адамдардың әрекеттері мен жіберген қателіктеріне жауапкершілік алады.

38. Мердігер негізгі қызметтерге біліктілігі туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдауы тиіс. Бұл адамдар өзге адамдарға ауыстырылған жағдайда Мердігер мұндай ауыстыруға Тапсырыс

берушінің келісімін алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі біліктілік туралы мәліметтерде санамаланған қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

39. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектідегі жұмыстарды орындаудан аластатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 сағат ішінде құрылыс объектісінен кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа түспеуі қажет.

40. Мердігер жұмыстарды Келісімшарт бойынша белгіленген мерзімде бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес орындауға міндетті. Мердігер құрылыс нысанында жұмыстардың өндірістік кестесінде бекітілген кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс

Жұмыстардың аяқталу күні Мердігердің өндіріс кестесіне сәйкес, барлық жұмыс түрлерін аяқтап, Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталуы жөнінде тиісті түрде рәсімделген күні, сондай-ақ, барлық комиссия мүшелері қол қойған Нысанды пайдалануға түпкілікті қабылданған және бекітілген Актісінің (Мемлекеттік қабылдау Актісі) ұсынған күні болып есептеледі.

Мердігердің, барлық жұмыс түрлерін аяқтап, Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталуы жөнінде тиісті түрде рәсімделуі, сондай-ақ, барлық комиссия мүшелері қол қойған Нысанды пайдалануға түпкілікті қабылданған және бекітілген Актісінің (Мемлекеттік қабылдау Актісі) ұсынылуы, осы Келісімшарттың 19 тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірілмеуі тиіс, осы мерзімнен кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Келісімшарт орындалуын қамтамасыз ету кепілін жергілікті бюджетке аударуға міндетті.

41. Мердігер Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы қызметкерлерінің салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз кіруін және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына жедел инспекциялық тексеруді жүргізуін қамтамасыз етуге міндетті.

42. Мердігер Келісім шартта көрсетілген жұмыстардың барлығы аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталғаны жөнінде ескертпе-хабарлама береді. Тапсырыс беруші инжирингілік қызмет көрсетуші «Инженерді» қатыстыра отырып, Келісім шартқа сәйкес жеті күннен кем емес мерзімде аяқталған жұмыстарды бағалау жөнінде комиссия (жұмыс комиссиясы) тағайындайды.

43. Жұмыс комиссиясы толығымен орындалмаған жұмыстардың тізімін құрады және оларды жою мерзімін белгілейді. Толығымен орындалмаған жұмыстардың жойылған күні Келісім шарттың біткен күні болып табылады. Барлық шикіліктерді жою фактісі нысандарды пайдалануға берудің түпкілікті қабылдау Актісімен анықталады (Мемлекеттік қабылдау комиссия актісімен).

44. Нысанның қалыпты жұмысының және оған кіретін жабдықтардың жобалық-сметалық құжаттама, инженерлік жүйесі, материалдары мен жұмыстарының кепілдік мерзімі нысан құрылысының аяқталуы туралы актіге қол қойылған кезден бастап 24 ай ұзақтығымен белгіленеді (егер Мердігер конкурстық өтінімде өзге мерзім көрсетепесе), қасақана оған басқа үшінші жақтан зиянкестік келтірілмегенін қоспағанда.

45. Мердігер мемлекеттік қабылдау комиссиясының Актісіне қол қойылған кезден бастап 2 жұмыс күні ішінде пайдалануға қабылдайтын ұйыммен кепілдік туралы Келісім жасасуы тиіс.

46. Кепілді пайдалану мерзімі кезеңінде нысанның қалыпты жұмысына мүмкіндік бермейтін кемшіліктер мен ақаулар анықталса, онда Мердігер анықталған кемшіліктерді жоюды өз есебінен жүзеге асыруға міндеттенеді. Мұндай кемшіліктерді Мердігер Пайдалануға қабылдайтын ұйыммен арада түзілген Кепілдік туралы келісімде көрсетілген мерзімде жояды.

47. Егер Мердігер Келісім шарт талаптарын бұзып, түзету арқылы өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ Мердігер жобалау-сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстарды аяқтауға қабілетсіз болса, Тапсырысшы орындалмаған міндеттемелердің себептерін жоюға дейін жұмыстарды толық немесе бөлігін тоқтату жөнінде жазбаша алдын-ала өкім бере алады.

48. Егер Мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін 7 (жеті) күн ішінде жазбаша немесе әрекеттерімен жауап бермесе, Тапсырыс беруші көрсетілген жеті күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқылы. Егер Мердігер келесі жеті күн ішінде көрсетілген ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, Тапсырыс беруші өзінің басқадай әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Мұндай жағдайларда Мердігерге негізінде төленуі тиіс болған сомадан Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындары өтемін қоса алғанда, көрсетілген ақауларды түзету құны шегерілетін өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады. Егер Мердігерге төлеуге тиісті сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Мердігер Тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

49. Жұмыстарды толығымен орындамаса немесе ішінара орындаса, Мердігер Тапсырыс берушіге аванстың жалпы сомасы мен жүргізілген жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бойынша Тапсырыс берушінің талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өтелмеген аванс төлемдерін (егер ол бөлінсе) қайтаруы тиіс.

Айып санкцияларын қолдану шарттары

50. Егер Мердігер Келісім шартта көрсетілген жұмыстарды өндіріс кестесіндегі мерзімнен 10 күнтізбелік күннен кешіктірсе, орындалмаған жұмыстардың көлемінің мерзімі өткен әрбір күніне Тапсырыс берушіге 1 пайыз тұрақсыздық (неустойка) түріндегі соманы төлейді.

51. Жұмыстар сапасының бұзылғаны үшін жобалық-сметалық құжаттамадан ауытқуын, Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық нормалар мен ережелерді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай, жұмыста техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін материалдар мен жабықтарды

қолданғанда, қолданыста пайдалануда болған материалдар мен жабдықтарды пайдаланғанда – Мердігер сапасыз орындалған жұмыстардың құнынан мерзімі өткен әрбір күнінен 0,2 пайыз сомасында Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын төлейді.

52. Осы тармақта көрсетілген тұрақсыздық Мердігердің сапасыз орындалған жұмыстарды жойған күнінен (қайта жасау) есептеп шығарылады. Жою фактісі Мердігердің, Тапсырыс берушінің және Инженердің қолы қойылған, сапасыз орындалған жұмыстардың жойылғанын куәландыратын Актімен расталуы тиіс.

53. Мердігер кепілді мерзім ішінде жұмыстардың өндірістік сапасы мен мерзімдеріне қатысты міндеттемелерден басқа шарт бойынша міндеттемелерді бұзса, Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір бұзушылық үшін Шарттың Құнынына 0,1 пайыз тұрақсыздық төлейді.

54. Шартта қаралған тұрақсыздық пен айып санкциялары Мердігер Тапсырыс берушіден тұрақсыздық пен айып санкцияларын төлеу туралы талаптарын алған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленуге жатады. Мердігер осы жүргізілген төлемдерді растайтын төлем құжаттарын осы тармақта белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс.

55. Мердігер көрсетілген мерзімде тұрақсыздық айып санкцияларын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың құнынан есептелінген тұрақсыздық пен айып санкцияларын шегеруге және тұрақсыздық пен айып санкцияларын алып тастап, Мердігерге кезекті төлем жүргізуге құқылы.

56. Мердігер шартты орындаудан бас тартса немесе Мердігердің кінәсінен Келісімшарт бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіге шарттың құнынан 10 пайыз көлемде тұрақсыздық (айып) төлейді.

57. Мердігер жұмыстарды толығымен орындамаған немесе ішінара орындаған жағдайда Тапсырыс берушіге төленген аванстық төлем сомасын (егер ол төленген болса), аванстың жалпы сомасы мен атқарылған жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бөлігін Тапсырыс берушінің талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде қайтаруы тиіс. Егер өнім беруші 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Келісімшарт бойынша аванстық төлемнің төленген сомаларын қайтармаған жағдайда, осы тармақ бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванс сомасынан 0,1% өсім есептелетін болады. Аванс соманы қайтару міндеттемесі осы Келісімшарттың әрекет ету мерзіміне тәуелді емес.

Игерілмейтін күштің әрекеттері

58. Тараптар осы Келісім шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық, жарым-жарты орындау жауапкершілігінен босатылады, егер де игерілмейтін күштің салдарынан жұмысты орындауға мүмкіншілігі болмаса, яғни аталған жағдайды қалпына келтіре алмайтын төтенше жағдайлар: апатты құбылыстар, өрт, әскери қимылдар, Келісімшарттың міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын нормативтік актілерді қабылдау, заңдылықтардағы өзгерістер орын алғанда.

59. Форс-мажорлы жағдайлар орын алғанда, осындай жағдай болған Жақ басқа Тарапты аталған жағдайдың орын алуы жөнінде банкілік 5 (бес) күннен кеш емес уақытта құзіретті органмен расталған хатпен жазбаша түрде хабардар етеді.

.

Келісім шартты өзгерту мен толықтыру тәртібі

60. Келісім шарт енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер де олар жазбаша түрде рәсімделіп және екі жақтың қолы қойылған болса, заңды күші бар.

61. Нысандар құрылыстарын алдыңғы уақыттарға қаржыландыру үшін бюджетте тиісті қаражаттың болмау жағдайы орын алса, Келісімшарт кейінгі жылдарға түзілмейді және Тапсырысшы мен Мердігердің бір-біріне деген қандай да бір шағымынсыз міндеттемелері, сондай-ақ қаржыландыру жағы тоқтатылады.

62. Келісімшартта Тапсырыс беруші мен Мердігер тарапынан белгіленген тәртіпте келісілген, Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келмейтін басқа да айып санкциялары немесе шарттар қаралуы мүмкін.

63. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда келісімшартта көрсетілген мерзімге дейін Келісімшартты біржақты бұзуға құқылы:

1) Мердігердің кінәсінен бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесінен күнтізбелік 10 күннен аса қалыс қалу 1 реттен аса бұзылса

2) Мердігердің кінәсінен 1 реттен аса жобада қаралған жұмыстардың сапасы төмендесе;

3) Мердігер Тапсырыс берушінің рұқсатынсыз 10 күннен аса мерзімге жұмысты тоқтатса;

4) Мердігер ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды Тапсырыс беруші немесе Инженер белгілеген уақыт ішінде жоймаса;

5). Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Мердігер жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса;

7) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің 3/2 бөлігінен асатын шарт жасасқан жағдайда;

8) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымды Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз жұмыстарды орындауға жіберсе;

9) Тапсырыс беруші құрылыстың кейінгі қаржыландыру мүмкіншілігін тоқтатса;

10) Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге лицензия әрекетінің қайтарылуы немесе тоқтатылуы жағдайында;

11) Мердігер осы Келісімшарт бойынша көрсетілген өзге да міндеттемелерді орындамаса;

64. Шарт бұзылса, Мердігер жұмысты дереу тоқтатып, Объектіні консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге тапсыруды қамтамасыз етеді.

65. Егер шарт Келісімшарттың 64-тармағы негізінде бұзылса, Тапсырыс беруші аванстарды, айыппұл санкцияларын, тұрақсыздықтарды, Тапсырыс берушінің жаңа Мердігерді таңдауына аванстар мен шығындарды шегере отырып, Мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер Келісімшартты бұзумен байланысты аванстар, айыппұл санкциялары, тұрақсыздықтар, Тапсырыс берушінің жаңа Мердігерді таңдауына аванстар мен шығындардың жалпы сомасы Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма Тапсырыс берушіге 5 (бес) жұмыс күн ішінде төленуге жататын борышты құрайды.

66. Тапсырыс беруші Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады, оның ішінде: Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, қаржыландырудың болмау және/немесе қаржыландыруды қысқарту себептері бойынша. Хабарламада шартты бұзудың себебі көрсетіледі, шарттағы күші жойылған жұмыстардың көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне енген күні айтылады. Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Объектіден машиналар мен тетіктердің шығарылуы үшін шығындарды және Объектіні консервациялау құнын төлейді.

67. Алдыңғы Келісімшарт тармағында аталған жағдайлар негізінде Шарт жойылған кезде, Мердігер шартты бұзуға байланысты және оны бұзған күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

68. Егер Мердігердің шарт талаптарын едәуір бұзуы себебінен шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен жабдықтар, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның иелігінде болады.

69. Мердігер мынадай жағдайларда Келісімшартты бұзуға құқылы:

- Мердігерден тәуелді емес себептермен, Тапсырысшының айтуымен бір айдан көп мерзімге құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауын тоқтату кезінде;
- Тапсырыс беруші құрылыстың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса.

70. Келісім шартты бұзатын тарап, басқа тарапқа бұл жөнінде бір ай алдын ала жазбаша ескертеді.

71. Осы Келісімшартта тікелей қаралмаған болса да, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамаларының барлығын басшылыққа алады.

72. Нысандардың құрылыс мәселелеріне қатысты Тапсырыс беруші мен Мердігердің ресми келіссөздері тек жазбаша түрде ғана күші бар.

73. Осы Келісім шарттың қаржыландыру жағынан іс-әрекет мерзімі – 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

74. Мердігердің орындаған жұмыстарының сапасының кепілді кезеңінің және Объектінің пайдалану кепілді кезеңінің аяқталуына дейін Шарт өз әрекетін сақтайды.

75.Осы Келісімшарт әр тарапқа бірдей заңды күші бар 4 данадан құрылған.

76. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін және Мердігердің Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

77. Келісім бойынша міндеттемелер Шаян ауылында орындалады.

78. Тараптардың мекен жайы мен реквизиттері:

Тапсырыс беруші	**Мердігер**
Бәйдібек ауданы МКҚК «О.Тайманов атындағы өнер мектебі» Боралдай ауылы, Д.Батыршаев көшесі «Қазақстан Халықтық банкі» АҚ БИК HSBKKZKX РНН 580200210392 ИИК KZ746010291000023438 БИН 020440001540 О.Тайманов өнер мектебінің директоры: _____ Н.Кадирбеков (Қолы) М.О.	«**В и К СТРОЙ ГРУПП**» ЖШС-і Шымкент қаласы, Асқаров көшесі №41 Б Тел: 87252563931, 562763 «Нурбанк» Шымкент қ-ғы бөлімшесі БИК NURSKZKX РНН 582100270827 ИИК KZ9384906KZ005934649 БИН 070340014092 Директоры _____ Е.Д.Мамбеталиев (Қолы) М.Ю.